

Хабарландыру

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалында (бұдан әрі – Астана НЗМ) 2026 жылғы 20 тамыздан 4 қыркүйекке дейін Астана НЗМ қызметкерлері арасында босап қалған қызметтік тұрғын үйді бөлуге, кейіннен «Отбасы Банк» АҚ арқылы жалдау-жинақтау тетігі бағдарламасына қатысу үшін құжаттарды қабылдау жүргізіледі:

1. бір бөлмелі қызметтік тұрғын үй, мекенжайы: Астана қаласы, Бөгенбай батыр даңғылы, 54-үй, 89-пәтер;
2. екі бөлмелі қызметтік тұрғын үй, мекенжайы: Астана қаласы, Қ. Рысқұлбеков көшесі, 16А-үй, 4-пәтер;
3. екі бөлмелі қызметтік тұрғын үй, мекенжайы: Астана қаласы, Сарыарқа көшесі, 31/2-үй, 228-пәтер.

Қызметтік тұрғын үй беру қағидаларымен және қызметтік тұрғын үй алуға өтінім беру үшін қажетті құжаттар тізбесімен www.nis.edu.kz сайтында танысуға болады.

Қызметтік тұрғын үй алуға үміткерлердің өтініштері мен құжаттар топтамасы 2026 жылғы 4 қыркүйек сағат 17:30-ға дейін мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Хусейн бен Талал көшесі, 19, Астана НЗМ, кадр мәселелері жөніндегі инспектордың кабинеті.

Тұрғын үй комиссиясының қарауына құжаттар 2026 жылғы 5 қыркүйек сағат 10:00-ге дейін тұрғын үй комиссиясының хатшысына мына мекенжай бойынша тапсырылуы тиіс: Астана қаласы, Хусейн бен Талал көшесі, 21/1, 2-қабат, № 207 кабинет, Қамтамасыз ету және құжаттау департаменті.

Анықтама телефондары:

8 (7172) 23-57-00, ішкі нөмірі 1166

8 (7172) 55-80-33, ішкі нөмірі 2711

Тұрғын үй алуға үміткерлер Тұрғын үй комиссиясы төрағасының атына өтініш және өткізетін құжаттардың келесі тізіміне сәйкес құжаттарды тұрғын үй комиссиясына өткізеді:

- 1) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) неке қию (бұзу) туралы куәліктің көшірмесі (бар болған жағдайда);
- 3) кадр қызметі берген отбасы құрамы туралы анықтама;
- 4) үміткердің отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмелері (бар болған жағдайда);

- 5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек өтілін растайтын, әлеуметтік демалыстарда болған кезеңдері көрсетілген кадр қызметтері беретін анықтамалар;

- 6) үміткерге педагогикалық шеберлік деңгейі берілгенін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда);

- 7) үміткердің және оның отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлкінің бар (жоқ) екендігі туралы анықтама (анықтама берілген күн Тұрғын үй комиссиясына құжаттар тапсырылған күннен кеш болмауы тиіс);

- 8) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адаммен бір отбасы құрамында екенін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда);

- 9) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жалдау-жинақтау механизмі бағдарламасына қатысуға келісім (Астана қаласында орналасқан қызметтік тұрғын үйді бөлу кезінде ғана талап етіледі);

- 10) осы Ереженің 11 және 12-тармақтарында көрсетілген өзге де растайтын құжаттар (бар болған жағдайда).

Құжаттар мұқаба бетінде өтініш беруші туралы (аты-жөні, қызметі, құрылымдық бөлімшенің аты (филиал) ақпарат бар қағаз скоросшивательдерде өткізілуі тиіс.